

Павлодар облысы әкімдігінің 2007 жылғы 29 маусымдағы "Павлодар облысының аумағындағы елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атаулар беру және қайта атау тәртібін, жер учаскелеріне, ғимараттар мен имараттарға реттік нөмірлер беруге қойылатын талаптарды жүргізу жөніндегі ережені бекіту туралы" N 179/7 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімдігінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы N 296/9 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2008 жылғы 24 қаңтарда N 3104 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы N 379/12 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 30.12.2014 N 379/12 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 21-3) тармақшасына, 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы "Қазақстан Республикасының ұйымдарын, теміржол станцияларын, әуежайларын, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілеріне атау беру және қайта атау, олардың атауларын транскрипцияларын өзгерту тәртібін бекіту туралы" N 281 қаулысына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2007 жылғы 29 маусымдағы "Павлодар облысының аумағындағы елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атаулар беру және қайта атау тәртібін, жер учаскелеріне, ғимараттар мен имараттарға реттік нөмірлер беруге қойылатын талаптарды жүргізу жөніндегі ережені бекіту туралы" N 179/7 қаулысына (Павлодар облысы әділет департаментінің тізілімінде 2007 жылғы 18 маусымда N 3091 болып тіркелді, 2007 жылғы 28 шілдедегі "Звезда Прииртышья" N 87 газетінде жарияланды) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Павлодар облысының аумағындағы елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атаулар беру және қайта атау тәртібін, жер учаскелеріне, ғимараттар мен имараттарға реттік нөмірлер беруге қойылатын талаптарды жүргізу жөніндегі ережедегі 82, 83, 84-тармақтар мынадай редакцияда баяндалсын:

"82. ғимараттар мен имараттардың меншік иелеріне (баланс ұстаушыларға) көшелер мен шағын аудандар атауларының көрсеткіштерін, ғимараттар мен имараттар реттік нөмірлерінің көрсеткіштерін дұрыс қалпында ұстау ұсынылады.

83. Көшелер мен шағын аудандар атауларының көрсеткіштері қолданыстан шыққанда, жоғалғанда, бұзылып, ескіргенде ғимараттар мен имараттардың меншік иелеріне (баланс ұстаушыларға) реттік нөмірлерінің көрсеткіштерін ауыстыру ұсынылады.

84. Ғимараттар мен имараттардың меншік иелеріне (баланс ұстаушыларға) көрсеткіштер орнатылған объектіге көрсеткіштерді орнатуды, ұстауды және пайдалануды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар қызметкерлерінің кедергісіз қол жетімділігін қамтамасыз ету ұсынылады".

2. Осы қаулы ресми жарияланғаннан бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін күшіне енеді.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары А.Ф. Вербнякқа жүктелсін.

Облыс әкімі